АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ

«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ТЕАТР КУКОЛ»
УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ
ГОРОДА АЛМАТЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.11.2024ж. № 490Р

Алматы қаласы

город Алматы

Об осуществлении государственных закупок (работ) способом из одного источника путем прямого заключения договора

В соответствии с пп.46 п.3 ст.39 приобретения театрально-зрелищной организацией, филармонией, музеем, культурно-досуговой организацией, кинематографической организацией, организацией образования в области культуры и искусства, телерадиовещательной организацией товаров, работ и услуг для осуществления сценических представлений и публичного исполнения произведений искусства **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Приобрести закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора премьеры спектакля «Лесное волшебство».
4. Контроль за надлежащим исполнением настоящего приказа оставлю за собой.
5. Настоящий приказ вступает в действие со дня его пописания.

Директор **А. Абдрахманов**

«Бекітемін»
«Мемлекеттік қуыршақ театры» КМҚК
директоры
_____ А.Абдрахманов

Алматы қ
«Мемлекеттік қуыршақ театры» КМҚК
«01» қараша 2024 ж. 11:00 мин.

ХАТТАМА № 16
Көркемдік кеңестің жиналысы

Күн тәртібі: «Орман ғажайыптары» қойылымының декорацияларымен реквизиттерін, қуыршақтарын қарастыру туралы.

Қатысқан көркемдік кеңес мүшелері:
1) Б.Тушаев, директордың орынбасары
2) Е.Қабдыл, көркемдік жетекші
3) С.Абуева - артист
4) Г.Ильясова - артист
5) Э.Сүлейменова, артист
6) Ш.Құлназаров, артист
7) А.Тауекелов, артист
8) Ю.Чернова, бас суретші
9) Қ.Обаев - қойылым бөлімінің меңгерушісі.
10) Ж.Ахметова - әдебиет бөлімінің меңгерушісі,

А.Абдрахманов, театрдың директоры: Қайырлы күн әріптестер! Жаңа маусымда жаңа қойылымдар сахналау арқылы репертуар қатарын көбейтпекшіміз. Алда жаңа маусымға сай жаңа жобалар бар. Биыл театрымыздың режиссері А.Зайцев «Орман ғажайыптары» қойылымын сахналайды. Режиссердің қойылым туралы пікірін тыңдап қабылдаған болатынсыздар. Бас суретші Ю.Чернова қойылым туралы эскиздерін көрсеткен. Соған өзгеріс енгізу керек пе, жоқпа ойларыңызды айтсаңыздар.

С.Абуева, артист: А.Зайцевтің режиссерлік бет-алысын көріп келеміз, өз жұмысының маманы. Бүгінгі күнге дейін қуыршақ театрына онға жуық үлкенді-кішілі қойылымдар сахналады. Қай-қайыссы болса да көрермендер сұранысына ие қойылымдар. Арасында Халықаралық театр фестивальдерге қатысқандары да бар. Жаңа қойылым бастағалы жатыр екен сәттілік тілейміз.

Эскиздерді тағы бір қарап шықтым. Қуыршақтары да әдемі. Ешқандай да қарсылығым жоқ.

Э.Сүлейменова, артист: Расыменде бүгінгі күндері қуыршақ театрының жанын түсінетін, сахнасын меңгерген қуыршақ режиссерлері жоқтың қасы екенін белгілі. А.Зайцевтың ұтымды қойылым қоятынына сенімдімін. Әр кезде де ізденіс үстінде жүреді. «Орман ғажайыптары» қойылымының материалымен жақында танысып шықтық. Бұл бағыттағы қойылым репертуарда жоқтың қасы. Кейіпкерлері де сан алуан. Қуыршақтары актерлердің ойнауына ыңғайлы екен. Кішкентай мыстан, Румпель апай, сыпырғыш сатушы, Тони Ворн, қарт кемпір, орманшы, ұшатын мыстан, бас сиқыршы осы секілді қуыршақтар бір-біріне ұқсап кетпесе екен деймін. Қуыршақтардан бөлек актерлердің үстіне киетін киімі де әдемі шыққан. Түрлі-түсті нақыштағы бояуларға қанық болғалы тұр. Эскизден ауытқып кетпей дәл осылай жасалынса деген тілек. Жалпы қарылығым жоқ.

Г.Ильясова, артист: Иә, менде қолдаймын. Қарап отырсам он қуыршақ бар екен. Бір-біріне ұқсамайды. Әр қайыссының атқаратын рольдері болғандықтан түрлері де ұқсап кетпегені дұрыс. Жаман бала, жақсы қыз, аққала бойлы қуыршақ, стрелок бойлы қуыршақ, қуыршақ қарға деген секілді кейіпкерлердің қуыршағы сиқыршы кемпірлерден үлкен болады ма, әлде кіші болады ма деген сұрағым бар. Он қуыршақ болғаннан кейін он актер болатыны анық. Олардың костюмдерініің эскизі көңілден шығады.

Ш.Құлназаров, артист: Режиссер А.Зайцевтің де қойылымдарымен таныспын. Расыменде көрермендер толастаған емес. Жаңа қойылымына сәттілік тілеймін. Қуыршақ театрының нағыз маманы. Бүгінгі күнге дейін қуыршақ театрына он шақты спектакль қойды. Драмалық театрларға да бет бұрып жүрген режиссер. «Орман ғажайыптары» қойылымының экиздерімен қарап отырсам қыршақтары да декорациялары да көп екен. Подиум, үлкен кітап, жалмауыз кемпірдің үйі, витраж, адамдар тобы, задник, шырақ, қар үйінділері секілді тағы басқа да декорациялар роль атқарады екен. Жұмыс барысында бір-біріне кедергі келтірмесе болды. Қуыршақтардың жеңіл қозғалуы үшін актерлердіңде цех қызметкерлерімен бірге жұмыс жасағандары дұрыс. Сол кезде ғана эскиздегі қуыршақтарды шығара аламыз.

А.Тауекелов, артист: Режиссер А.Зайцевтың біраз спектакльдерінде менде оинап жүрмін. Режиссерлік қолтаңбасын білемін. Былтыр ғана «Аққулар мен қаздар» қойылымының премьерасын берді. Сұранысқа ие шығармалардың бірі. Эскиздерді қарап шықтық. Расыменде қойылымды тұтасымен көріп отырғандай болдым. Қуыршақтары да, декорациялық құрылымдары да жеңіл екен. Режиссердің жұмыс жасау техникасына әбден жаттықканбыз, өте жеңіл әрі сапалы жұмыс жасайды.

Е.Қабдыл, көркемдік жетекші: Кеңес мүшелерінің пікіріне қосыламын. Иә, режиссер қуыршақ театрының нағыз мамандары. Театрішілік жасап жүрген еңбектерінде көріп жүрсіздер. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын қағылез маман иелесі. Суретші мен бірлесіп отырып жұмыс

жасағаны көрініп тұр. Менде қолдаймын. Жақсы қойылым шығады деген үміттеміз. Рахмет.

А.Абдрахманов, директор: Кеңес мүшелеріне рахмет. Қойылым бөлімінің меңгерушісі Қ.Обаев ары қарай жұмысты жүргізіңіз. «Орман ғажайыптары» қойылымының декорациялық және реквизиттерімен қатар қуыршақтарының тізімін беріңіз. Техникалық сипаттаманы жасап, сол бойынша бөліміңізбен жұмыс жасаңыз.

Көркемдік кеңес мүшелерінің «Орман ғажайыптары» қойылымының декорациялық және реквизиттерімен қатар қуыршақтарын қабылдау туралы шешімі:

Көркемдік кеңестің шешімімен режиссер А.Зайцевтің «Орман ғажайыптары» жаңа қойылымының эскизге сәйкес төмендегі тізім бойынша қуыршақтары, реквизиттері, декорация, костюмдері алынсын. Цех бөлімдеріне жұмыс жасауға берілсін. Жауапты: Қойылым бөлімінің меңгерушісі Қ.Обаев.

1. «Кішкентай мыстан» қуыршақ - 2 дана.
2. «Румпель апай» қуыршақ – 1 дана
3. «Сыпырғыш сатушы» қуыршақ – 1 дана
4. «Тони Ворн» қуыршақ – 2 дана.
5. «Қарт кемпір» қуыршақ - 2 дана
6. «Орманшы» бойлы қуыршақ – 1 дана
7. «Ұшатын мыстан» қуыршақ - 4 дана
8. «Бас сиқыршы» қуыршақ – 1 дана
9. «Жаман бала» қуыршақ - 2 дана
10. «Жақсы қыз» қуыршақ – 1 дана
11. «Аққала» бойлы қуыршақ – 1 дана
12. «Стрелок» бойлы қуыршақ – 2 дана
13. Қуыршақ «Қарға» – 1 дана
14. Қуыршақ жүргізуші костюмы - 10 жиынтық
15. «Подиум» декорация - 1 дана
16. «Үлкен кітап» декорация - 1 дана
17. «Жақтаумен бүйірлік ставкалар» Декорация - 4 дана.
18. «Витраж» декорациясы - 5 дана.
19. «Жалмауыз кемпірдің үйі» декорация - 1 дана
20. Задник декорациясы. «Жұлдызды аспан» - 1 дана
21. «Адамдар тобы» деорация - 2 дана
22. «Кітаптар» деорациясы - 6 дана.
23. «Шырақтар» декорациясы - 2 дана.
24. «Қар үйінділері» декорациясы - 3 дана.
25. «Ағаштар» декорация - 2 дана.
26. «Нысана» реквизиттері - 1 дана
27. «Садақ пен жебе» реквизиттері - 2 дана.

28.Реквизит «Метела» - 7 шт
29.«Сыпырғыш таяқшасы» реквизиттері - 7 дана.

Көркемдік кеңес мүшелерінің қолы:

Б.Тушаев, директордың орынбасары

Е.Қабдыл, көркемдік жетекші

С.Абуева, артист

Г.Ильясова, артист

Э.Сүлейменова, артист

Ш.Құлназаров, артист

А.Тауекелов, артист

Ю.Чернова, бас суретші

Қ.Обаев, қойылым бөлімінің меңгерушісі

Ж.Ахметова, хатшы

Директору
КГКП «Государственный театр кукол» Управление культуры города Алматы
Абдрахманову А.А.
от юриста Базилулы Е.

Служебная записка

О применении
способа закупки из одного источника
путем прямого заключения договора

Согласно протокола художественного совета от 01 ноября 2024 года № 16 принято коллегиальное решение об утверждении эскиза постановки премьеры «Лесное волшебство».

В соответствии с п.5 ст.19 Закона РК «О культуре» Театры относятся к организациям культуры.

Согласно ст.22-1 Закона РК «О культуре» Театры являются зрелищные организации (драматические, музыкально-драматические, музыкальные, хореографические, кукольные, пантомимы, сатиры и юмора, для детей и юношества, молодежные, экспериментальные и иные), осуществляющие создание, публичное исполнение и (или) публичный показ театральных постановок.

Театры свободны в выборе художественных направлений, репертуара, принятии решения о создании, публичном исполнении и (или) публичном показе театральных постановок, а также осуществлении иной деятельности, необходимой для эффективного творческого и производственного развития, не противоречащей законам Республики Казахстан.

В связи, со специфичностью приобретаемых закупок и доведения решения режиссера и эскиза художника до премьеры, предлагаю приобрести указанные закупки согласно пп.46 п.3 ст. 39 Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (*приобретение организацией образования в области культуры, телерадиовещательной организации товаров, услуг и работ для осуществления сценических представлении, публичного исполнения и предоставления произведении*

искусства и культурных ценностей) способом из одного источника на портале государственных закупок.

На основании вышеизложенного, в соответствии с законодательством о государственных закупках, внести соответствующие изменения в план государственных закупок и применить для данного закупа осуществления государственных закупок способом из одного источника.

Юрист **Базилулы Е.**